



Ғылыми мақала / Scientific article
ХҒТАР / IRSTI 02.15.51



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-53-68>

NAURYZ: HISTORY, CUSTOMS AND ROLE IN THE FORMATION OF NATIONAL IDENTITY

Zhambyl ARTYKBAYEV^a , Tengesh KALENOVA^a  

^a*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

 kalenovats@mail.ru

Abstract. The article examines the history of the Nauryz holiday, the formation of a traditional ritual complex and its role in ensuring national identity. The author connects the history of the Nauryz holiday, the vernal equinox and the beginning of the year, with the Neolithic era. This is reflected in the legends about the Great Flood and Kazygurt, which occupy a special place in the Kazakh chronicle, and in ancient customs. The author considers the Nauryz holiday as a complex that unites many rituals. First of all, it is a set of values that play an important role in the life of the Kazakhs, such as observing the moment of the equinox, greetings, feasts and blessings. The article analyzes the meaning of the phrase "The Great day of the Ulus" in the Kazakh oral tradition. The author considers Nauryz as a national holiday and gives a number of arguments in favor of this. During the Kazakh Khanate, the celebration of Nauryz was given national significance and its role as a means of uniting various ethnic and social groups that were part of the state was comprehensively considered.

Keywords: Nauryz; the Great Flood myth; Eurasian steppe; Kazygurt; traditions; identity

For citation:

Artykbayev Zh., Kalenova T. Nauryz: history, customs and role in the formation of national identity // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 152. – No. 3. – P. 53-68. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-53-68>.

Сілтеме жасау үшін:

Артықбаев Ж.О., Каленова Т. Наурыз: тарихы, ғұрып-салттары және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қызметі // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 152. – No. 3. – 53-68 бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-53-68>.

НАУРЫЗ: ТАРИХЫ, ҒҰРЫП-САЛТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ^а, Теңгеш ҚАЛЕНОВА^а

^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

НАУРЫЗ: ИСТОРИЯ, ОБЫЧАИ И РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ^а, Теңгеш КАЛЕНОВА^а

^аЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада Наурыз мейрамының пайда болу және дәстүрлі ғұрыптық кешенінің қалыптасу тарихы және ұлттық бірегейлікті қамтамасыз ету қызметі қарастырылады. Авторлар көктемгі күн мен түн теңескен күннің межесі және жыл басы Наурыз мейрамының тарихын неолит дәуірімен байланыстырады. Бұл бір жағы қазақ шежіресінде ерекше орын алатын Топан су және Қазығұрт туралы аңыздардан және көне әдет-ғұрыптардан көрініс табады. Наурыз мейрамын авторлар толып жатқан ғұрыптардың басын қосатын кешен ретінде қарастырады. Бұл алдымен күн мен түннің теңескен сәтін бақылау, көрісу, дастархан, бата сияқты қазақ тіршілігінде маңызды орын алатын құндылықтар жиынтығы. Мақалада қазақ ауызша дәстүріндегі «ұлыстың ұлы күні» сөз тіркесінің мағынасы сарапталған. Авторлар наурызды мемлекеттік мейрам ретінде қарастырады және оған бірнеше дәлел келтіреді. Қазақ хандығы заманында Наурызды тойлауға мемлекеттік маңыз беріліп, оны мемлекет құрамына кірген әртүрлі этникалық және әлеуметтік топтардың басын қосатын құрал қызметі жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: Наурыз; Топан су туралы аңыз; Еуразия далалық аймағы; Қазығұрт; дәстүр-салт; бірегейлік

Аннотация. В статье рассматривается история возникновения праздника Наурыз, формирование традиционного ритуального комплекса и его роль в обеспечении национальной идентичности. Авторы связывают историю праздника Наурыз, весеннего равноденствия и начала года, с эпохой неолита. Это отражено в преданиях о Всемирном Потопе и Казыгурте, занимающих особое место в казахской летописи, и в древних обычаях. Авторы рассматривают праздник Наурыз как комплекс, объединяющий множество ритуалов. Прежде всего, это совокупность ценностей, играющих важную роль в жизни казахов, таких как соблюдение момента равноденствия, приветствия, застолья и благословения. В статье проанализировано значение словосочетания «Великий день Улуса» в казахской устной традиции. Авторы рассматривают Наурыз как государственный праздник и приводят ряд аргументов в пользу этого. В период Казахского ханства празднованию Наурыза придавалось государственное значение и всесторонне рассматривалась его роль как средства объединения различных этнических и социальных групп, входивших в состав государства.

Ключевые слова: Наурыз; легенда о Всемирном Потопе; евразийская степь; Казыгурт; традиции; идентичность

Кіріспе

Наурыз Еуразия кеңістігін мекен ететін түркі-иран халықтарының ежелгі мейрамы. Қатал қыстан аман-есен шығып, жаңа келіп жеткен жазды қарсы алуға негізделген Наурыз мейрамы жылдың төрт мезгілі толық айқындалған Еуразияның далалық бөлігінде пайда болған ғажап құбылыс. Наурыз ескі құрлықтағы дүниетаным мен адами өркениетті тіршілік бастауында тұр деп есептейміз. Наурыз мейрамының пайда болуы шаруашылықтағы серпінді өзгерістерді, дүниетанымда және рухани өмірде аса маңызды жаңалықтарды туғызған «неолит революциясы» атты ерте кезеңмен байланысты. XX ғасыр басында «Неолит революциясы» атты ұғымды ғылыми айналымға енгізген Гордон Чайлд «өндіруші шаруашылықты, яғни малды қолға үйрету мен егіншілікті өмірге әкелген революция адамзат өркениетінің қалыптасуында шешуші қызмет атқарды» деп есептейді. Осыдан кейін Еуразия кеңістігінде технологиялардың дамуына, тоқшылыққа, әлеуметтік стратификацияға, элита пайда болуына екінші революция - қалалардың пайда болуы деп, оны «урбанистикалық революция» деп атады (Чайлд, 1952: 165). Наурызға ұқсас, қыстың соңында, жаздың басында, көктем кезінде атап өтілетін мейрамдар табиғи ортаға бағынышты өмір сүруден өндіруші шаруашылыққа өткен әлем халықтарында бар. «Наурыз» – жер бетіндегі көне атаулардың бірі және оның түп негізі әлем халықтарының көпшілігіне ортақ.

Екінші мәселе бұл ғажайып мейрамның атауы Наурызға қатысты. Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының біразы Наурыз сөзімен қатар «Жыл басы» деген ұғымды қолданады. Сібірдің түркілері, мысалы «шорлар» әлі де Наурызды «Чыл пасы» дейді, наурыз дегенді білмейді, олар Алланы көне ариан/тұранның атауымен Құдай дейді, саха-якуттер де солай. Бір қызығы мұсылмандыққа, Иранға еш қатысы жоқ сияқты чуваш халқы Наурызды «ноурас-ойахе» деп атайды, яғни, аздап болса да олардың тілінде ариандық негіз көбірек сақталған.

Бұл жерде біз Наурыз атауына қатысты бір мәселені жақсы саралап алуымыз керек. «Наурыз» парсы сөзі емес, «Наурыз» арий/ариан сөзі. Біз бұл ұғымды талдаған уақытта көне замандағы, әсіресе қола дәуіріндегі Ариан-Тұран бірлігі мәселесін ескеру өте маңызды. Бұл тек қана қазақ этногенезі мен дәстүр-салтындағы ариан компонентіне ғана емес, бұл басқа да үнді-еуропалық халықтардың тарихына қатысты. Көптеген ғалымдардың пікірінше үнді-еуропалық, соның ішінде ариан халықтарының түп отаны қазақ даласы. Ресей империясы заманында жазылған батыстық әдебиетте әдетте «оңтүстік орыс даласы» деген жасанды ұғым қолданылады. Шын мәнінде бұл кеңістікке қатысты Дәшті Қыпшақ, немесе Қазақ даласы ұғымдарын қолданған дұрыс.

Парсы (*парс, фарс*) мен Иранның (Ариан) арасында үлкен айырмашылық бар. Фарс (парсы) қазіргі Иранның 30 уәлайатының бірі және ариандар (арийлер) келгенге дейінгі көне атауы, бірақ біздің жыл санауға дейінгі II мыңжылдықта қазақ даласынан ариан тайпаларының көшіп келуіне байланысты бұл аймақтағы жағдай өзгерді. Осылайша Наурыз атауы мен мейрам ежелгі парсы жеріне тарады.

Қола дәуірі халқының этникалық және саяси тарихы жайында біз екі түрлі жазба ескерткішті ерекше атаймыз. Оның бірі «Авеста» деген атауға ие болған зороастризмнің

(зәрдүш) қасиетті гимндері арқылы сақталған ариан (авест. aīrya, көне парсы aīrya, санскрит ārya) мұрасы болса, (бұл жерде саналы түрде орыс ғылымындағы «арий» атауынан бас тартып, әлемдік ғылыми тарихнамада қолданылатын «ариан (aryan)» атауын қолдандық), екіншісі – Тұран (бұл жерде тұран – түркі халықтарының түп аталары). Туран (авест. tūirīānəm, пехл.парсы tūrān) халықтарының ең көне әфсаналарының жинағы «Оғыз наме» және «Оғыз қаған туралы жыр».

Солтүстік Қара теңіз жағалауларынан Алтай мен Шығыс Түркістанға дейінгі, Орал тауларынан Парсы (Иран) таулы қыратына дейінгі орасан зор кең далада мал баққан бұл тайпалар Ұлы дала өркениетінің негізін салды. Арийлердің арғы отаны деп кітапта «Арианам Вайджа», яғни Ариан кеңістігі, Еділден (Ранха) шығысқа қарай созылып жатқан Азиялық Ұлы дала аталады. Датья мен Ардвиг (Сырдария мен Әмудария) терең өзендерімен суарылып жатқан Арианам-Вайджа жері тек ариан отаны ғана болмаған. Мұнда олармен бәсекелес және туыс турлар (тұран) да мекендеген. Ариандардың қас дұшпандары – хьона (қиян, авест. x’iiaona; пехл.хуōн/нуōн) тайпаларының да Ариана Вайджаға қатысы бар. Ұлан-ғайыр дала кеңістігінде, этностардың нығаяуымен және гомогенденуімен жалғас, малшы қауымның аңшылар қауымдарын ассимиляциялау жүріп жатты. Әскери және шаруашылық қажеттілігі бойынша күрделі тайпалық одақтар қалыптасты. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында тұрғындардың өсуі мен өндірістің дамуы арқасында шамадан тыс тығыздылыққа әкеліп соқтырған бірқатар қарама-қайшылықтар пайда болды. Бұл қола дәуірінің тайпаларын оңтүстік пен батысқа, Иран, Үндістан және Еуропаға қоныс аударуға мәжбүр етті. Сол революциялық кезде, дала пайғамбары Заратуштра (Зәрдүш) пайда болса керек (Бойс, 1988). Орта Азияның малшы тайпалары алғашқы әлемдік дінге бастама жасады. Бірақ Зәрдүш ілімін турлар (Тұран) қабылдаған жоқ. Оның көсемдері Африсияб пен Арджаспа ариандардан Зәрдүштен бас тартуды ұсынды. Осы қарама-қайшылық олардың Ұлы даладан көшіп жаңа қоныс іздеуінің басты шартының бірі болды. Арийлердің қоныс аударуы көп сатыдан өтті, олар деректерге қарағанда бірнеше бағытта көшіп Иран мен Үндістанның қазіргі өркениеттерінің негізін салды. Сонымен қатар Оңтүстік Азия, Еуропада арийлік және түрлі жергілікті этномәдени дәстүрлердің синтезі қалыптасты.

Қазақдаласында және Түркістан өлкесінде қалған арийлер тұрандықтармен араласып кейінірек теңдесі жоқ скуз (скиф, ішкі оғыз, ишгузай) – сақа мәдениетін жасады.

Ариан қауымдары көне отырықшы өркениет ошақтарына қай жақтан келді деген мәселе бойынша Гордон Чайлдтың «Ариан халықтары әуелдегі арғы тарихта Ежелгі Шығыс жерінің «Құнарлы жарты ай» солтүстік өлкелерінен шыққан» деген пікірін дұрыс көреміз. Зерттеуші Азияның солтүстік бөлігінің археологиялық тұрғыдан аз зерттелгенін де ескертіп, шындығында, олардың сол кезеңге жататын Түркістанмен тығыз байланысы болғанын таптық, дейді (Childe, 1926: 63). Бұл пікірді кейін Мария Гимбутас «қорғандар гипотезасы» арқылы дамытты. М. Гимбутас пікірінше Еуразияның далалық алқабынан жауынгер малшы тайпалардың Еуропаға қоныстануы бірнеше толқынмен жүрді, біріншісі – б.з.б. 4400-4300 жж, екінші толқын- 3500 жылдар, үшіншісі – 300 жылдардан кейін (Гимбутас, 2006: 444). Автор бұл мигранттарға қатысты «Еділ бойы даласынан келгендер» деген сөз тіркесін пайдаланады. Гордон Чайлд тұжырымдарын Мэри Бойс зәрдүш дінін зерттеу бағытында жалғастырды (Бойс, 1988).

«Авеста» мен «Шахнамені» дерек ретінде қолдансақ әфсаналық түп ата Феридуннан үш ұл, үлкені Сәлім, ортаншысы - Тұр, кішісі - Ирандж туады. Осы үш ұлдан араб, тұран, ирандықтар тарайды-мыс. Ержете келе Тұр Сәлімнің қолдауымен Иранджды өлтіреді, осыдан Иран (Ариан) мен Тұран ұрпақтары арасындағы мыңжылдық соғыс басталады. Бірақ бұлар бір-біріне аралас, жақын халықтар. Кей қауыс патшаның Тұран қызы әйелінен туған Сияуыштың өмір тарихын, тағдырын еске түсіріңіз. Иә, сонымен тұрандықтар ығыстырып, ариандар оңтүстікке көшті, парсы жерін алды. Ол жер Ариан/Иран қыраты атанды және жаңа мемлекет пен халыққа атау болды. Әрине, ариандардың бәрі көшкен жоқ, олардың бірталай қауымдары қазақ жеріндегі көне металл өндірісі орталықтары мен Сыр бойындағы қалалық қоныста қалды. Қазақ даласы тарихында бұл сияқты көші қондар біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде сан рет болған, қайталанған. XV ғасыр басында өзбек тайпаларының Мәуреннахрға көшкенін, сол кезде қоңыраттың жартысы кетіп, жартысы қалғанын, тағы басқаларын еске түсіріңіз. Қазақ жері қанша ұлан-байтақ болса да көшпелі мал шаруашылығы басым болса 1-1,5 миллион адамға ғана қоныс болады, одан асты екен көшуге тура келеді (Артықбаев Ж., видеолекция).

Осы себепті біз Наурыз ұғымын сырттан келген ұғым емес, қазақ даласында пайда болған, мемлекеттік және ұлттық мейрам есебінде әбден қалыптасқан дүниетанымдық түсінік ретінде қарастырамыз. Қазақ тіліндегі ариандық сөздер мен ұғымдардың болуы заңды, оларға қатысты «анау парсы сөзі», «мынау парсы сөзі» дегенді тоқтату керек. Ариандық сөздер мен ұғымдардан бас тарту үшін қазақ этногенезінің біздің жыл санауымызға дейінгі III-II мыңжылдықтарынан бас тарту керек болады.

Наурыз туралы басты деректерді біз қазақ шежіре аңыздарынан аламыз. Бұл жерде наурыз туралы таза этнографиялық сипаттамалар да, сонымен бірге наурыздың маңызы туралы мәліметтер де бар. Ең бастысы қазақ деректерінен Наурыз мейрамының ең маңызы қызметі мемлекеттік және қоғамдық бірегейлікті қалыптастыру екенін көреміз.

Әдебиеттік шолу

Қазақ тарихнамасында жазғытұрғы күн мен түн теңелген, қыстың әлсіреп, жаздың жеңе бастаған уақыты Еуразияның тек түрік және иран тектес халықтары ғана емес, басқа да халықтарына кең тараған Наурыз мейрамы туралы зерттеулер көп емес.

Бұл тақырыптың деректануы тұрғысынан қазақтың атақты шежірешісі М.Ж. Көпейұлының жазбалары аса маңызды орын алады. Ауызша дәстүрдің жекелеген мәтіндерін, соның ішінде этнографиялық ерекшеліктерін баяндайтын бұл тарихи жазбалар Наурыз мейрамы туралы да ақпарат береді. Өзін қоршаған зиялы ортаның арқасында бала жасынан М.Ж. Көпейұлы тек қана діни әдебиетті ғана емес, сонымен бірге тарихи фольклордың әр түрлі қазыналарында сақталған елдің даналығын, шежіресін жадына тоқыды. Сәтіне қарай Баянауыл өлкесінде бұл білімнің өкілдері аз емес еді. Өз халқының ауызша тарихи мұрасын жинау мақсатында ол қазақ даласын түгелдей аралап шықты. Наурыз әңгімелерін ол *«Естіген құлақтың жазығы жоқ. Құрттай бала күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді:*

Нұх пайғамбар дарақтан кеме пішкен,

Ол кемеңіз тақтайын тышқан тескен, – деп. Бұл – естіген сөз. «Құлақ естігенді көз бір көрмек». Бұл күнде көзіміз көрген нәрсені ойға салып жорысақ, Топан суы тасып, дүние жүзін бір қаптағандығы айдан жарық, күннен анық көрініп тұр...» деп бастайды (М-Ж. Көпейұлы шығармалары, 2007).

1990-жылдардың соңына қарай М.Ж. Көпейұлы жазбаларымен қатар оқырман қауым Ш.Құдайбердіұлы, Н.Наушабаев, Алаш қайраткерлерінің жазбаларымен танысты және тарихи мұра бағытында іргелі түрде ғылыми талдау басталды.

Наурыз мейрамының қазіргі тарихнамасы (2000–2025) өз назарын сипаттамалық этнографиядан пәнаралық талдауға баса назар аударды: бұл мереке мәдени зерде мен ұлттықбірегейліктіңэлементіжәнеэлеуметтікинтеграцияменмәденисаясаттыңқұралы ретінде зерттеледі. Сондай-ақ халықаралық материалдық емес мұра дискурсының бөлігі ретінде де зерттелуде (ЮНЕСКО, 2009). Тақырыпқа байланысты жұмыстар қалалық ортадағы рәсімдердің өзгеруін, салыстырмалы аймақтық тәжірибелерді және құрылымның мерекенің символикасы мен мазмұнына әсерін қарастырады (Тұрсынов, 2001; Ахметова, 2005; Нысанбаев, 2007; Кенжетаева, 2012; Мұқашева, 2015; Сүлейменова, 2018; Қорғанбаева, 2021).

Е. Тұрсынов «Қазақтардағы көктемгі күнтізбелік цикл дәстүрлері» (Тұрсынов, 2001) атты еңбегінде көктемгі кезеңге байланысты қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қарастырады. Қонақжайлылық дәстүрлеріне, отбасылық әдет-ғұрыптарға және 12 жылдық мүшел цикліне ерекше назар аударады. Жаңа жылдың басталуы, табиғаттың жаңаруы және отбасылық мерекелер сияқты көктем мезгіліне орайластырылған дәстүрлі қазақ салт-жоралғылары сипатталған. Сондай-ақ, Наурыз мейрамын аграрлық күнтізбе аясында көктемгі салт-дәстүрлердің классикалық этнографиялық зерттеуін қарастырады; жаңару және ұжымдық есте сақтау механизмі ретінде ырымдардың (тазалау, тілек айту) атқаратын қызметі көрсетілген.

А.Ахметованың «Наурыз: салт-жоралғылар және қазіргі заман» (Ахметова, 2005) атты мақаласында наурыздың дәстүрлі салт-ғұрыптары мен олардың қазіргі кездегі көрінісі қарастырылған. Наурыз көктемнің жаңару мерекесі ретінде үй жинау, наурыzkөжемен мерекелік дастархан жаю, ұлттық ойындар мен жарыстар өткізу, сондай-ақ туған-туыстар мен достарды зиярат ету сияқты түрлі әдет-ғұрыптармен қатар жүреді. Сондай-ақ қазіргі қоғамда Наурыз мейрамының дәстүрін сақтаудың және осы дәстүрлерді қазіргі заманға бейімдеудің маңыздылығы айтылады. Салт-дәстүрлердің қалалық трансформациясын талдау: үй және аула форматынан қоғамдық іс-шараларға; "Наурыzkөже" символдық капиталы және өзара көмек көрсету практикасы талқыланады.

Ә. Нысанбаев «Тәуелсіз Қазақстанның мәдени құндылықтары» (Нысанбаев, 2007) атты еңбегінде Наурыз мейрамын ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытудың маңызды элементі ретінде қарастырып, оның халық бірлігі мен дәстүрді құрметтеудегі рөлін атап көрсетеді. Наурыз мейрамы көктемнің, жаңару мен бірліктің символы бола отырып, қазіргі Қазақстанның мәдени өмірінде маңызды рөл атқарып, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтауға және дамытуға үлес қосуын атап, халық бірлігін нығайтуды арттыратын мәдени мұраның маңызды элементі екеніне тоқталады. Философиялық және мәдени

көзқарас: Наурыз ұлттық бірліктің символы және сабақтастық пен ынтымақтастық құндылықтарын қолдайтын «есте сақтау мерекесі» ретінде көрсетіледі.

Ш. Кенжетаеваның «Орталық Азиядағы Наурыз: салыстырмалы талдау» (Кенжетаева, 2012) мақаласында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Иран тәжірибелерін салыстыру ауқымында, салттық екпіндерінде және мемлекеттік институттандыру дәрежесінде айырмашылықтар анықталды.

Г. Мұқашеваның «Наурыз әлеуметтік интеграция факторы ретінде» (Мұқашева, 2015) мақаласы. Мерекені қабылдауды әлеуметтанулық зерттеу: сауалнамалар наурыздың жалпы азаматтық бірегейлік пен этносаралық сенімнің белгісі ретіндегі маңызының артып келе жатқанын көрсетеді.

М. Сүлейменова «Қазақстандағы Наурыз мерекесін институттандыру және ЮНЕСКО-ның мойындауы» (Сүлейменова, 2018). Мәдени саясатты талдау: ЮНЕСКО тізіміне енгізу мерекенің халықаралық танымалдылығын қалай арттырды және жаңа форматтарды (фестивальдар, білім беру жобалары) ынталандырды.

Н. Қорғанбаева «Мәдени мұра және мерекелер: наурыздың қазіргі заманғы бірегейліктегі орны» (Қорғанбаева, 2021). Пәнаралық синтез: мереке қайырымдылық, экологиялық және мәдениеттер диалогы құндылықтары үшін "негіз" ретінде түсіндіріледі; наурыздың медиалық өкілдігі талқыланады.

Наурыз – этимологиялық талдау

«Наурыз» сөзін зерттеушілер де, қарапайым халық та парсы тілімен байланыстырады. Бұл біржақты және қате пікір Парсы/Иран тарихи, саяси ұғымдарының айырмашылығын білмеуден туындайды. «Наурыз» сөзі Еуразия халықтарының көпшілігінде бар, әсіресе үнді-иран, герман-латын тілдес халықтарда «новый», «ню», «нео», яғни жаңа деген мағынада қолданылады. Қазақ халқында және қазақ жерінің оңтүстік және батыс аймақтарына шекаралас өзге де түрік тілдес халықтарда Наурыз тұтас бір айдың аты және жылдың басы. Қазаққа солтүстік жағынан қапталдас түрік халықтарында «наурыз» сөзінің орнына «жыл басы» деген сөз қолданылады.

Наурыз атауының иран және түрік халықтарында қатар қолданылуы және бұл сөзге мағыналас ұғымдардың үндіеуропалық халықтарда жаппай кездесуі наурыздың еуразиялықтардың жеке тілдерге жіктелмей тұрғанда пайда болған көне ұғым екенін көрсетеді. Наурыз сөзі қазаққа сырттан (парсыдан т.б.) келіп сіңіп кетті деген пікірлердің бәрі негізсіз.

Наурыз мейрамының тарихы

Наурыз мейрамының тарихын біз неолит дәуірімен, сол дәуірде іске асқан алапат өзгерістермен байланыстырамыз. Біз жоғарыда Гордон Чайлдтың «неолит революциясы» ұғымы туралы жаздық, бұл ұғым толық мәнінде Наурыз мейрамына да қатысты.

Қазақтың шежіре әңгімелері Наурызды Нұқ пайғамбардың заманымен байланыстырады. Жер бетін топан су басқан оқиғадан кейін Еуразиялық ескі құрылықта

тіршіліктің жаңа ережелері пайда болды. Бұл өзгерістер қазақ халқының ауыз әдебиетінде ерекше орын алатын Топан су басу және Нұқ пайғамбардың кемесі туралы әңгімелерден анық көрінеді. Әлемде өз территориясынан Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтады деп белгі көрсете алатын бірнеше халықтар бар, мысалы: арабтар Жуды тауын, еврейлер Сион тауын, қазақтар Қазықұрт тауын көрсетеді. Еуразияның басқа халықтарында да Нұқ пайғамбардың кемесі туралы аңыздар бар, мысалы армяндар Арарат тауын т.б. айтады. Топан су мен Нұқ пайғамбар заманы айтқанда өзге халықтарда кездесе қоймайтын тағы бір қазақтық құбылысты еске алуға тура келеді. Ол Баянауладағы бірнеше қасиетті (сакралды) жерлерді (тау, үңгір) Топан су заманында осы араға келіп қалған Қоңыр әулие т.б. дуана-әулиелермен байланыстыру (Артықбаев, 2009: 25-37).

Қазақ аңыздарында Нұқтың жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, өлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтапты дейді. Ә. Диваев осы Қазығұрттың басына кеме қалған әңгімесіне қосымша Сыр бойы қазақтарында «қарт наурыз жүйесі» деген ұғым бар деп жазады.

Қазақ шежіресі деректеріне қарасақ біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айрылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұқтың әңгімесін баяндай келе «*Кеменің Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні*» дейді (Көпейұлы, 2013: 5). Арабтың календары ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деп құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және мартқа сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады. Еуразия халықтарының көпшілігінде жаңа санат (григориан) календары кіргенге дейін жыл басы Наурыз болды. Қалай болғанда да қарапайым астрологиялық есеп бойынша Нұқ пайғамбардың кемесі тура күн мен түннің теңесетін күні Қазығұртқа тоқтаған. Осыдан кейін Топан су қай заманда болған деген сұрақ туындауы заңды, қазіргі кешенді ғылыми зерттеулер жер бетінде соңғы топан судың біздің жыл санауымызға дейінгі 12-13 мың жылдар бұрын болғанын айтады.

Наурыздың басы деп революцияға дейінгі уақытта, сол кезеңдегі календарь есебіне сәйкес 9 наурызды айтқан, бұл ескі юлиан есебі бойынша. 1918 жылы Совет үкіметі еуропалық календарды қолдану жөнінде декрет қабылдап бұрынғы есепке 13 күн қосты. Осылайша біз қазір Наурызды 22 наурыз күні тойлап жүрміз. Ертеде қазақ арасында ай мен жұлдыздың қозғалысын бақылап отыратын есепшілер болған, олар сәл өзгеріс болса елге хабарлап отырар еді. Сол себепті де Наурыз айының туғанын қазақ есепшілері аспан кеңістігін тікелей бақылау арқылы анықтайды (Fell, E. Nelson, 2013: 25). Себебі аспан денелері де мәңгілік қозғалыстағы тірі дүниелер, алашақ, берешектері болады. Осыған қарағанда дәл тепе-теңдікті шығару қазір астрономдардың міндеті, ондаған жүздеген жылдарда олардың орын өзгертіп отыратыны сөзсіз.

Қазақ халқы ертеде Сырдың бойын қыстап, Сарыарқаны жайлап жүргенде Мәуреннахрға бір табан жақын болған. Сол себепті қазақтың Наурызды тойлайтын дәстүрінде Мәуреннахр өлкесімен ортақтық көп, Наурыздың келген сәтін анықтайтын астрономиялық есепті де қазақ «Бұхар есебі» дейді.

Наурыз мейрамын тойлау реті

Наурыз мейрамы күн мен түн теңескен уақыттан басталады және алдымен «Көрісу» рәсімі өткізіледі. Көрісу – қазақтың ескі дәстүрінің бірі. Бірін-бірі көптен көрмеген, сағынған адамдар көріседі, өлім-жітім болғанда соған көңіл айта келгендер ақ иелерімен көріседі.

Көрісу қазақтың Наурыз мейрамының негізгі салтының бірі. Бұл рәсім Совет заманында әбден ұмытылып барып, жаңа жанданып жатыр. Зерттеушілер арасында Көрісу тек Маңғыстауға, жалпы Батыс өңірге ғана тән дәстүр деген қате түсінік бар. Шын мәнінде бұл бүкіл қазаққа ортақ дәстүр. Атақты шежіреші және этнограф Құрбанғали Халид былай деп жазады: *«Қазақтар Наурызды жыл басы деп бір-бірімен көріседі. Ғұрыптарында күніне бір сәлем, жылына бір көрісу керек, мұнан артығын айып көреді»* (Халид Қ., 1992: 196).

Көрісу рәсімі қыс бойы бір-бірінің өлі-тірісін біле алмай сағынған елдің жасайтын жоралғысы. Әдетте бір-бірін құшақтап, кейде өлгендерін жоқтап, кейде тірі қалғанына шүкірлік айтып көріседі. Қазаққа қыс мезгілі қашанда ауыр болған, тіпті ертеде түгелге жуық Сырдың бойынан бастап Жиделі Байсынға дейінгі аймақта қыстап отырғанда да қиналса керек. Себебі қыс қытымыр болып жатса мал ашығады, кейде көктемге қарай жаңбыр ерте жауып, не қар еріп барып қайта қатып жұт басталып кетеді. Көтерем мал қырыла бастайды. Мал ашуы – жан ашуы, қыс-қамытта бір жерден екінші жерге көшіп, не малын алысқа айдап, жайылымға бола дауласып бір-бірімен араздасып елдің есі шығады. Оның үстіне малдың пайдасына бола қазақ шаруашылықтары бір-бірінен қыс кезінде алыстау отырады, себебі қыста да жайылым керек, ол уақытта қазақ шөп-азық дайынадамайды дегендей. Осындай қиындықтардан шыққаннан кейін Наурызды қазақ қуанып қарсы алмағанда кім қарсы алады? Қазақтың еркегі де, әйелі де Наурыз мейрамында қыс бойы көрсін көрмесін кездескен адамына "бауырым-айлап" жылап көрісе бастайды. Жақын туыстарының, ауыл-аймақтағы жасы үлкен, қадірлі адамдарының үйлеріне арнайы барып көріседі. Дәстүрлі қоғамда Жаңа жылды шын ниетімен қабылдайды, бір жылдан аман шыққанына шын қуанады, тәубе етеді.

Сонымен Наурыз мейрамы күн мен түн теңелген уақытта Көрісуден басталады да, мейрамның тоғызыншы күні Суға (бұлаққа, өзен) қант салып, соны барлығы шүпірлеп бірге ішумен, яғни Жер-Суға тағзым етумен аяқталады.

Көрісуге қатысты тағы бір мәселе кейбір өлкелерде көрісуге қатысты «Амал» сөзінің қолданылуы. «Амал» араб мәдениетіне жақын шығыс елдерінде айдың аты.

Қазақ ауызша деректеріне қарасақ Наурыз мейрамы сегіз күн қатарынан тойланады. Қазақтың қариялары *«орысқа қарамай тұрған күнінде қазақтың наурыздамасында болған той-мереке қызығы Бұхар мен Қоқанда да болмаған»* дейді екен. Бұл әбден мүмкін, әр түрлі табиғи және ментальдық себептерге байланысты қазақ бір жағынан кең, екінші жағынан қонақжай халық. Қазақ шежіресі «наурыздаманы қай жерде асқан атақты бай болса, сол бай қылады екен» дейді.

Қазақ хандығы дәуірінде Наурыздың бірінші күні ханның өзі бастап Хан Ордасы қалың елдің ортасына шығады. М.-Ж.Көпейұлы қолжазбасында Наурыз тойы ханның сарайының алдында басталады дейді.

Егер қазақтың байырғы дәстүрлеріне келсек Мәшһүр Жүсіп шежіресінде қызықты деректер бар екенін айтқан жөн. «Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі» дейді шежіреші: *«Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп.*

Қазақ халқының Наурызды сегіз күн бойы ұдайы тойлайтынын мына бір дерек арқылы да білуге болады: *«Би Едіге – Айдабол Пәлі Төлебайдың баласы. Едіге би Баянауланың бауырынан жүз кісі болып, атқа мінді дейді: «Қызылтауда Сәти тасында отырған Мырзағұл баласы Сәти мырзаға барып, наурызды қылдырамын!» – деп. Барса, Тәти мырза үйде жоқ екен. Қарсонар болған соң, бүркіт алып, шығып кеткен екен. Баяу деген бәйбішесі бар екен, «бес берекенің біріне» қосылған бәйбіше екен:*

– Мырзаңыз ас-суды алып кеткен жоқ. «Зәуіде келе қалса, мені жоқтатпа!» – деп, тапсырып кетті! – деп, «ас та төк, шаш та төк» қылыпты. – Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейін наурыздама қылдыра келдіңіз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар?!- деп, сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті (Көпейұлы, 2013: 54).

Сегіз күн ұдайымен тойлаған соң тоғызыншы күні той тарқар мерекесі өткізіледі. Наурыз аяқталатын күні бұлаққа, хауызға қантты аямай төгіп, жұрт жабыла қант татыған сиропты ішіп «той тарқар» өткізеді. Ертеде Түркістанда хан ордасының жанында үлкен тоған, одан шығарылған бірнеше арық, олардың бойында хауыздар болған. Жазға қарай хан ордасы Әзіреті Сұлтанға таяу Кәріз деген жерде Бақ Жаһан деген тоғайдың ішінде кигіз үй тігіп, тұтас көшіп барады. Кәріз деген жер астынан судың ағысын реттеп отыратын құдықтар жүйесі. Үлкен апан құдықтар қырық күн шіледенің ыстығында елдің жан сақтайтын, демалатын бір көркем жері. Наурыз бұл Кәрізге де келіп өзінің жалғасын тауып жатады.

«Той басы/Көрісу» мен «той тарқар/Бұлаққа, Хауызға қант салып тәтті су ішу» аралығында толып жатқан той-домалақ өз кезегімен өтіп жатады. Оның ішінде балуан күресі, аламан бәйге, жорға жарысы, көкпар т.б. бар.

Наурыздың дастарханы туралы

Наурыз мерекесіне дайындықты аналар бастайды. Бүгінгі күнге дейін сақталған Ұмай анаға (Бай ана, Май ана), Отқа табыну, Қара шаңырақты құрметтеу бұл мерекенің ерте және ортағасырлық тарихи кезеңдерде де үзілмей тойланып келгендігін дәлелдесе керек. Қазіргі күні Наурыз күні көже дайындауды халық үйренген сияқты, бірақ Наурыздың тағамын әлі түгендеп бола алмай жатырмыз. Ертеде берекелі бәйбішелер Наурызға дайындықты бір жыл бұрын бастайды. Ең алдымен Наурыздың басты тағамы жент дайындалады. Қыс бойы тас қайрақтай қатып тұрған қарын-қарын жентті бәйбішелер

«Самарқанның көк тасы жібiген күні бiздiң жент те балқып, босады» деп дастарханға алып шығады. Сары май, қазы-қарта Наурыз дастарханының басты белгiлерi.

Наурыз мейрамының дастарханын байлар көтередi, олар семiртіп мүйiзi шаңырақтай нән өгiз сояды. Наурызға өгiз сою көне дәстүр, яғни бұл мейрам жылқыны қолға үйретпей тұрған уақытта, яғни неолит заманында қалыптасты деген бiздiң тұжырымның бiр дәлелi. Жылқыны Еуразия даласында бiздiң жыл санауымыздан 3-4 мың жыл бұрын үйреттi десек, сиыр малын қолға үйрету одан да ертерек заманның жемiсi. Шумерлер бiздiң жерiмiзден Месопотамияға қарай (Екi өзен арасы) өгiздi арбаларға жегiп аттанған болса керек. Қазақта соңғы кезге дейiн сақталған бұқа культi де сол заманның бiр мұрасы.

Жалпы жағдайы келсiн-келмесiн әр қазақ Наурыз мейрамында қазан көтередi. Көршi-қолаңды шақырады, жолаушы жүрген халыққа таратады. Әр қазанда бас болуы шарт, сол себептi тым кедей деген адамның өзi қыста сойылған қойдың басын алып қалып Наурыз көже пiсiретiн қазанға салады.

Наурыз бата

Қазақ «батамен ер көгередi, жаңбырмен жер көгередi» дейдi. Қазақта батагөй ақсақалдар ертеде көп болған, қазiрде де бар. Наурыз мейрамында тiлi орамды, шешен, елге сыйлы ақсақалдар халықтың ортасында арнайы бата бередi. Осы батаны «Наурыз батасы» деп атайды. Елдiң бәрi шын ниетпен тыңдағаннан кейiн, көңiлдерi босағаннан кейiн, бәрi бiрдей «әмин» деп жылап отырған себептi сол ақсақалдардың айтқаны келiп, елдiң басы өсiп, малы көбейiп, берекесi тасады. Бұл жерде ең бастысы елдiң шын ниетi.

Наурызға қатысты айтылмай жүрген бiр дәстүр бар. Мәшһүр Жүсiп «Ол күнi қожаларға оқытатын, наурызға арналған кiтап болады» дейдi (Көпейұлы, 2013: 56). Бұл жерде қожа сөзiнiң дәстүрлi ортадағы негiзгi мағынасының бiрi ғылым. Наурыз мейрамы басталғанда әр жерде ғалымдармен кездесулердi ұйымдастыру, ғалымдардың дәрiсiн тыңдау ғажап дәстүр.

Ұлыстың ұлы күнi

Наурыз мейрамы қазақ халқы үшiн тек календарлық, отбасылық iс шара ғана емес, ол «Ұлыстың ұлы күнi», яғни мемлекеттiң басты мерекесi ретiнде деп құрмет тұтқан мейрам. Бұл жерде «Ұлыс» сөзiнiң қазақтың байырғы тiлiнде мемлекет деген ұғым бiлдiретiнiн ескеру керек.

М.Қашқари «Сөздiгiнде» ұлыс ұғымы «UlUШ-ҰЛҰШ» түрiнде берiлген. Мағынасы «қала, қыстақ (шiгiлше). Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шахарларында тұратын халықтар «uliш» сөзiн «шахар» дейдi... ҰЛҰШ: халық арасында үлес бөлу...» (Қашқари, 1997: 91). Көне түркi сөздiгiнде ұлыс дәл осы мағынада түсiндiрiледi «1) селение; селения и города; народ; страна...» (Древнетюркский словарь, 1969: 611).

Ұлыс сөзi саха-якут тiлiнде жоғарыдағы мағынаға жақын белсендi қолданылады: «ср.: түрк., бурят, монг. – улус, народ, люди, государство... 1)Обширный родовой союз, ведомство, в котором соединены несколько наслегов... ајы улуса – улус людей (Пекарский, 1958).

Ұлыс моңғол тілінде де мемлекет деген мағынада «Улс 1. Мемлекет; ел» (Монгол-казах толь, 1984: 508).

Наурыз мейрамы Қазақ хандығында және оған дейін Ұлы далаға иелік жасаған мемлекеттерде өмір сүрген сан түрлі этнос өкілдерінің басын қосатын жалпы халықтық мейрам. Наурыз мыңдаған жылдар бойы мемлекеттілік сәйкестікті қалыптастыратын негізгі тетіктердің бірі қызметін атқарды. Қазақтың *«Наурыздың келгенін жандыда балық біледі, жансызда Самарқанның көк тасы біледі»* деген сөзі де мемлекеттілік түсініктердің көрсеткіші. «Самарқанның көк тасы» Мәуреннахр өлкесінде хан тағына иелік жасаймын деген үміткерді ақ кигізбен көтергеннен кейін, әдейілеп алып келіп отырғызатын қасиетті тас. Қазақтың хандарының ішінен бұл тасқа Тәуекел отырған. Наурыз туғанда хандар мен сұлтандар тұтқындарға кешірім жасайды, зынданда отырғандарды босатады, құлдар азаттық алады, сол себепті «Самарқанның көк тасы жібіді» делінеді.

Қазақ халқының негізгі бөлегі Сырдың бойында қыстап жүрген заманда, Түркістанда Әз Тәуке сияқты хандары отырғанда Наурыз тойы ерекше болғаны анық.

М.Ж.Көпейұлы *«Жандыда күн мен түннің теңелгенін балық біледі» деп хан өзі бас болып бір керсен суға балық жіберіп, оның бір аунап түскенін қарап отырады... «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп ...патшалар барабан соқтырады... Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді»* деген деректері тікелей Қазақ хандығы заманына қатысты (Көпейұлы, 2013).

Наурыз мейрамының қазақ қоғамдық өмірінен және жадынан бірте-бірте өшуіне Қазақ хандығының дағларысы, орталық биліктің жойылуы, одан кейінгі бодандық тікелей әсер етті. Әрине қазақ халқы Ресейдің бодандығына өткен соң да Наурызды тойлады, бірақ өз мемлекеті жоқ халық бұл мейрамды жалпы ұлттық «Ұлыстың ұлы күні» деңгейінде тойлай алмайды. Сол себептен біртіндеп Наурыз мейрамының мәртебесі түсіп, ол отбасылық, патронимиялық мерекелердің біріне айналды, көп өңірлерде біртіндеп халық жадынан өше бастады. Наурызды қазақ халқы ХХ-шы ғасырдың 20-шы жылдарына дейін мерекеледі. Совет үкіметінің қазаққа жасаған қастандықтарының бірі ХХ-шы ғасырдың 20-шы жылдары Қазақ автономия алғаннан кейін мәртебесі қайта жаңғыра бастаған мейрамды ескіліктің қалдығы деп тиып тастады. 1926 жылдан бастап советтік тоталитарлық жүйе халықты тексіздендіру, өткенін ұмыттыру мақсатында Наурыз мерекесін тойлауға тыйым салды. СССР-де большевиктік темір тәртіп босаңсып, жариялылық, қайта құру кіргеннен кейін қазақ елі 1988 жылы бұл мейрамды қайта жаңғыртты.

Қорытынды

Наурыз жаңа жылдың басы, бірнеше мың жылдық тарихы бар қасиетті мейрам. Сонымен бірге Наурыз қазақ халқының ұлттық жаңғыруының, ұлттық құндылықтарға көзқарастарының, ұлтжандылығының көрсеткіші.

Наурыз бірнеше ғасыр бодандық бағыныштылықта, Ресей отаршылдығы, Совет үкіметінің қырып-жою саясатын көрген халықтың өз рухын, өзіндік санасын жаңғырту, өз бірегейлігін қалыптастыру құралының бірі.

Біз бүгінгі күні Наурыз мейрамының бұрынғы салтын қайта жаңғырта алмай жүрміз, кезінде Түркістандағы алтын тақта отырған қазақтың хандары қолданған керсен толы суға балық жіберу, наурыз тұсында ұсақ қылмыс жасаған адамдарға кешірім жасау т.б. дәстүрлерді неге пайдаланбасқа?! Қазақ дәстүрлерінің бірі «шүлен таратуды» Наурызда өткізген дұрыс, оны жағдайы бар азаматтардың кез-келгені өткізе алады. Бұл өзінен асқан байлық болса халықпен бөлісу. Қазақ «сүйекке дақ, етке таңба болмасын», «дүние – кезек», «адам күні адаммен» деп жетім-жесірге, жалғыз іліктілеріне, мүгедектеріне көмектесіп отырған. Наурыз - шүленде осындай салттар, ырымдар арқылы жас ұрпақ санасына жақсылап сіңер еді.

Наурыз думаны кезінде жастар қазақтың мүшел аталатын он екі жылдық есебіне сәйкес әр түрлі аңдардың кебін киіп шығады. Наурыз келгенде қазақ түсінігі бойынша он екі жылға ие болған жануардың біреуі таққа мінеді, біреуі тақтан түседі, өзгелері де орнынан бір-бір саты жылжиды. Наурыз тойында шығырды алып келіп алаңның ортасына орнатып он екі жылға ие болған жануарлардың кебін киген адамдардың бәрін сол шығырға отырғызады. Осының бәрі үлкен карнавалға айналады. Әрине, той мереке өзінен өзі басталып, әнші-күйшілер ортаға шығып, бишілер тойды қыздырып жатады.

Наурызда арнайы наурызнама жасап құрбы-құрдас, бастас-сыйлас азаматтар бір-бірінің ауылына барады. Наурызнама жасап арнайы келген адамға деген құрмет шексіз болады. Дәулеті жеткендері «тоғыз» деп тоғыз мал байлайды, орта шаруалар ат мінгізіп, шапан кигізіп жатады. Әйтеуір наурызнама жасап келген адам құр қол қайтпау керек, тіпті бір көйлектік деп мата береді.

Қазақ қызықшыл халық. Наурыз мейрамы күндері күрделі тақырыптағы (Күн мен түннің айтысы, Жаз бен қыстың айтысы т.б.) айтыстармен қатар, қызды-қыздымен, жігіт-желеңнің ұйымдастыруымен қайынағасы мен келіні, құдасы мен құдағиы, жеңгесі мен қайыны т.б. көрісіп, айтысып жатады. Даланың бала сияқты аңғалақ халқы әр әдемі қимыл, әр маңызды сөзге бола той-мереке жасайды. Осының бәрі елді көңілдендіріп, бәрі де мәз-мейрам, қыстың ызғары той мерекемен естен шығады, қыстың шығыны, қиындығы ұмытылады. Наурыз мейрамы да осы үшін керек.

Біз Наурызды Қазықұрт сияқты қасиетті жерлерден қарсы алып, содан бастап тойлауымыз керек. Қазақ тілінде бұл атауды «Жаңа ырыс» мағынасында түсіндіруге болады, науа – сөзі су, байлық деген ұғымды да білдіреді.

Үкімет және қоғамдық ұйымдар, әсіресе жастар белсене кірісіп Наурызды мемлекетшілдіктің, қайырымдылық және мейірімділік мерекесі қылып өткізген жөн.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR28713029 «Қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы халық шығармашылығының әлеуметтік рөлін зерттеу: рухани мәдениетті өзгерту және қайта құру» атты ғылыми бағдарламасы аясында әзірленді

Авторлардың үлесі

Артықбаев Ж.О. – идея ұсынушы, оны теориялық тұрғыдан дамытушы, тұжырымдамалық идеяны негіздеуші және оның дәлелдемелік контурын жасаушы.

Қаленова Т.С. – мақаланың әдістемесін және мақала бағытындағы ғылыми жариялымдар жасаған авторлардың еңбектеріне аннотациялық шолулар жасаушы.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Гордон Чайлд. (1952). У истоков европейской цивилизации. – Москва: «Иностранная литература». – 466 с.
- Бойс Мэри. (1988). Зороастрийцы. Верования и обычаи / Пер. с англ. И.М. Стамблин-Каменского. Послесл. Э.А. Грантовского. – Москва: Наука. – 303 с.
- Gordan Chaild. (1926). The Aryans: a Study of Indo-European origins. – London. – 247 p.
- Гимбутас М. (2006). Цивизация Великой Богини: мир Древней Европы. – Москва: РОССПЭН. – 572 с.
- Артықбаев Ж.О. Қазақстанның бейнелі тарихы видеолекциясы, 2-лекция: Қазақ жеріндегі ежелгі тайпалар. Арилар мен мықтар. <https://www.youtube.com/watch?v=800KmpkO3L4>
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. (2007). Шығармалары. 8-том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ. – 418 б.
- Турсунов Е. (2001). Традиции весеннего календарного цикла у казахов. – Алматы.
- Ахметова А. (2005). Наурыз: ритуалы и современность // Вестник КазНУ. – Алматы.
- Нысанбаев А. (2007). Культурные ценности независимого Казахстана. – Алматы.
- Кенжетоева Ш. (2012). Наурыз в Центральной Азии: сравнительный анализ // Al-Farabi Journal.
- Мукашева Г. (2015). Наурыз как фактор социальной интеграции // Вестник ЕНУ. – Астана.
- Сулейменова М. (2018). Институционализация Наурыза в Казахстане и признание ЮНЕСКО. – Астана.
- Курганбаева Н. (2021). Культурное наследие и праздники: место Наурыза в современной идентичности // Turkic Studies.
- Артықбаев Ж.О. (2009). Баянауыл // «Менің Отаным - Қазақстан» сериясы. – Астана, «Фолиант». – 312 б.
- Көпейұлы М.Ж. (2013). Шығармалары. 1-20 том. – Павлодар. – 303 б.
- Fell, E. Nelson. (2013). Russian and Nomad: Tales of the Kirghiz Steppes. – London: Forgotten Books. – 318 p.
- Халид Қ. (1992). Тауарих хамса: /Бес тарих/. Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы. – 289 б.
- Қашқари М. (1997). Түрік сөздігі: Диуан лұғат – ат-түрік. 3 томдық шығармалар жинағы // Ауд. А. Егеубай. – Алматы. – 373 б.
- Древнетюркский словарь. (1969). – Ленинград: Наука. – 676 с.
- Пекарский Э.К. (1958). Словарь якутского языка. – Т. 1-3. – Москва: АН СССР. – 710 с.
- Монгол-казах толь /Моңғолша-қазақша сөздік. (1984). – Улаанбаатар - Өлгий. – 885 б.

References

- Gordan Chaild. (1952). U istokov yevropeyskoy tsivilizatsii. – Moscow: «Inostrannaya literatura». – 466 p. [in Russian]
- Boyce Mary. (1987). Zoroastriytsy. Verovaniya i obychai / Per. s angl. I.M. Stamblyn-Kamenskogo. Poslesl. E.A. Grantovskogo. – Moscow: Nauka. – 303 p. [in Russian]

- Gordon Childe. (1926). The Aryans: a Study of Indo-European origins. – London. – 247 p. [in English]
- Gimbutas M. (2006). Tsivizatsiya Velikoy Bogini: mir Drevney Yevropy. – Moscow: ROSSPEN. – 572 p. [in Russian]
- Artykbayev Zh.O. Qazaqstannıń beyneli tarixı videolekcıyası, 2-lekcıya: Qazaq jerindegi ejelgi taypalar. Arılar men mıqtar. <https://www.youtube.com/watch?v=800KmpkO3L4>
- Mäshür Jüsip Köpeyulı. (2007). Şıǵarmaları. 8-tom. – Pavlodar - «Éko» ĞÖF. – 418 p. [in Kazakh]
- Tursunov E. (2001). Traditsii vesennego kalendarnogo tsikla u kazakhov. – Almaty. [in Russian]
- Akhmetova A. (2005). Nauryz: rituality i sovremennost' // Vestnik KazNU. – Almaty. [in Russian]
- Nysanbayev A. (2007). Kul'turnyye tsennosti nezavisimogo Kazakhstana. – Almaty. [in Russian]
- Kenzhetayeva SH. (2012). Nauryz v Tsentral'noy Azii: sravnitel'nyy analiz // Al-Farabi Journal. [in Russian]
- Mukasheva G. (2015). Nauryz kak faktor sotsial'noy integratsii // Vestnik ENU. – Astana. [in Russian]
- Suleymenova M. (2018). Institutsionalizatsiya Nauryza v Kazakhstane i priznaniye YUNESKO. – Astana. [in Russian]
- Kurganbayeva N. (2021). Kul'turnoye naslediye i prazdniki: mesto Nauryza v sovremennoy identichnosti // Turkic Studies. [in Russian]
- Artykbayev Zh.O. (2009). Bayanaul // «Meniń Otanıń- Qazaqstan» seriyası. – Astana, «Foliant». – 312 p. [in Kazakh]
- Köpeyulı M.J. (2013). Şıǵarmaları. 1-20 tom. – Pavlodar. – 303 p. [in Kazakh]
- Fell, E. Nelson. (2013). Russian and Nomad: Tales of the Kirghiz Steppes. – London: Forgotten Books. – 318 p. [in English]
- Halid Q. (1992). Tawarix xamsa: /Bes tarix/. Awd. B. Tötenaev, A. Joldasov. – Almaty. – 289 p. [in Kazakh]
- Qaşqarı M. (1997). Türik sözdigi: Dıwan luǵat – at -türik. 3 tomdıq şıǵarmalar jınaǵı. Awd. A. Egewbay. – Almaty. – 373 p. [in Kazakh]
- Drevnetyurkskiy slovar'. (1969). – Leningrad: Nauka. – 676 p. [in Russian]
- Pekarskiy E.K. (1958). Slovar' yakutskogo yazyka. – T. 1-3. – Moscow: SA SSSR. – 710 p. [in Russian]
- Mongol-kazakh toli / Mongolian-Kazakh dictionary. (1984). – Ulaanbaatar – Ölgii. – 885 p. [in Mongol]

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Артықбаев Жамбыл Омарұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев к-сі, 2, 010008, Астана, Қазақстан, socantropology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5020-9361>

Artykbayev Zhambyl Omarovich – doctor of historical sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev Str, 2, 010008, Astana, Kazakhstan, socantropology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5020-9361>

Артықбаев Жамбыл Омарович – доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. socantropology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5020-9361>

Қаленова Теңгеш Серікбайқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Сәтбаев к-сі, 2, 010008, Астана, Қазақстан, kalenovats@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4767-5537>

Kalenova Tengesh Serikbaevna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Associate Professor of Political Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satbayev Str., 2, 010008, Astana, Kazakhstan, kalenovats@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4767-5537>

Каленова Теңгеш Серикбаевна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры политологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатбаева, 2, 010008, Астана, Казахстан, kalenovats@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4767-5537>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.08.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 27.08.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.08.2025